

УДК 159.923

ДЕВИАНТТЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ МЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Каирова Б.К.*психология кафедрасының
аға оқытушысы,***Косыман А.***«Педагогика және психология»
мамандығының 4 курс студенті.*

Аннотация

Осы мақалада девиантты жеткіншектердің өзін-өзі бағалау деңгейі мен қарым-қатынасы арасындағы байланысты анықталып, түзету жұмыстары арқылы олардың өзін-өзі бағалауын жоғарлатып, үйлесімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік тудыру мәселесі қарастырылған.

Аннотация

В данной статье рассматривается взаимосвязь между уровнями самооценки и общения девиантных подростков и посредством коррекционных работ повышение их самооценки и конструктивного общения.

Abstract

In this article is observed the interconnection between the levels of self-concept and communication of deviant teenagers and by means of correctional work the elevation of their self-concept and constructive communication.

Түйінді сөздер: *Девиантты мінез-құлық, девиантология, ата-аналардың және педагогикалық-әлеуметтік қараусыз қалған балалар, өзін-өзі бағалау, үйлесімді, конструктивті қарым-қатынас, әлеуметтік-психологиялық түзету жұмыстары, ағарту орталығы.*

Ключевые слова: *Девиантное поведение, девиантология, дети оставшиеся без попечения родителей, самооценка, гармоничное и конструктивное общение, социально-психологическая коррекция, центр реабилитации.*

Keywords: *Deviant behavior, deviantology, children without parental support, self-assessment, harmonious and constructive communication, social and psychological correction, center of rehabilitation.*

Қазіргі кездегі қоғамдағы өзекті және күрделі мәселелердің бірі – «девиантты балалар» мәселесі. Соңғы уақыттағы статистика мәліметтеріне сүйенсек, оқушылар арасындағы нашақорлық, ішімдікті пайдалану, адам өлтіру, суицид, ұрлық жасау сияқты жағымсыз іс-әрекеттер жылдан-жылға күрт өсуде. Осыған байланысты, қоғамдық ақпарат құралдарында мақалалар жазылып, психологиялық-педагогикалық ғылыми-зерттеулер жүргізіліп жатса да, осы мәселесі әлі де өз шешімін таппай келеді.

Девиантты жеткіншектердің жеке тұлға ерекшеліктерін, қоғамдық, әлеуметтік өмір жағдайымен, тәрбиелік факторлардың өзара әрекеттестігімен біртұтастықта алып алғашқы болып кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізгендердің бірі П.П.Блонский (1936) болатын. Оның негізгі мақсаты – девиантты балалардың мінез-құлқының себептерін мектеп және отбасы арқылы ашып көрсету, олардың осы тәрбиелеу институттарындағы өмірі мен орнын анықтау және «девианттылық» терминін нақтылау еді. П.П. Блонскийдің ойынша: «Девиантты бала, бұл ең алдымен кәдімгі бала, оған табиғи қарапайым тұқым қуалаушылық тән. Айырмашылығы, ол педагогикалық, әлеуметтік қараусыз қалған. Сондықтан, оны дені сау қараусыз қалған бала ретінде тәрбиелеу керек» деген [1]. Атақты психолог Л.С.Выготский

«Девиантты балалық шақтың педагогикалық клиникасы және дамудың диагностикасы» еңбегінде: «Жеке адамның күйзелісімен күресу, оның себептерін жою жолымен ғана емес, сонымен бірге адамды жөнге салудың белсенді жолымен, білім бірлігімен, дамуына жағдай жасау арқылы ғана нәтижеге жетуге болады» деп тұжырымдай отырып, «педагогикалық, психологиялық ықпал ету арқылы түзетудің және алдын алу» жолдарын көрсетіп берген [2].

Қазіргі уақытта балалар мінез-құлқының бұзылу себеп-салдары әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағын (М.А.Алемаскин, Л.М.Зюбин, И.С.Кон, Г.П.Медведев т.б.), клиникалық (Г.А.Власова, В.Я.Гиндикин, В.В.Ковалев, Г.Е.Сухарев т.б.), криминологиялық (М.М.Бабаев, К.Е.Легошев, В.Н.Кудрявцев, ЛВ.Л.Васильев, Г.Г.Шиханцов, В.Ф.Пирожков, А.Т. Акажанова, Н. Кулдашева, Д.С. Кожаметов т.б.) зерттеуде.

«Девиантты балалар» мәселесінің тарихына көз жүгіртсек, ол әр түрлі терминдермен анықталып, ғылыми зерттеудің өзекті мәселесіне айналғанына да көп уақыт өтті. Италияндық заңгер С.Сигеле бұл мәселені ХІХ ғасырдың аяғында көтеріп, ХХ ғасырдың басында кеңінен криминология, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдарында зерттеу жұмыстары жүргізген. Мысалы 1907 жылы Петербург қаласында В.М.Бехтерев өзінің психоневрологиялық институтын ашқанда, эксперименталдық психологиялық зертхана ұйымдастырып, онда қылмыс жасаушы жеткіншектерді зерттеуге үлкен көңіл бөлген болатын.

Жалпы, кәмелетке толмаған балалардың қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерге қарсы іс-әрекетін ғылымда девиация (латынның «deviatio» тыңдамау, нормадан ауытқу деген мағынаны береді) деген терминмен белгіленген. Соған орай ғылыми әдебиеттерде тәрбиесі қиын балаларды «девиантты» термині арқылы анықтап зерттейді. Жалпы, «девиантты мінез-құлық», «ауытқушы мінез-құлық» түсініктері синонимдер болып табылады.

Девиантологиялық зерттеуші ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторлары мен келесідей негізгі себептерін атап көрсеткен:


- жанұяда үйлесімділік пен өзара түсіністіктің, берекенің болмауы;
- бала ата-ананың қамқорлығы мен сүйіспеншілігін сезінбеуі;
- отбасында, мектепте тәрбие берудегі кемшіліктер, зорлық-зомбылықтар;
- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;
- маңызды өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қарым-қатынасқа түсе алмау;
- сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау;
- бірнеше сәтсіздіктерден кейін өзіне өзі сенбеу, өзіндік бағасының төмендеуі;
- теледидардағы, кинозалдардағы агрессиялық жарнамалардың ықпалы мен фильм кейіпкерлеріне еліктеу;
- мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің дұрыс жолға қойылмауы;
- балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын дұрыс ұйымдастырылмауына байланысты оны қалай болса солай пайдалануы т.б. [3].

Жас жеткіншектің әлеуметтік-психологиялық дамып қалыптасуына осындай келеңсіз жағдаяттардың барлығы оның өзін-өзі бағалауына, бойындағы рухани құндылықтарын, табиғи мүмкіндіктерін сезінуге, оны ашу үшін әлеумет ортасында белсенді іс-әрекеттер (қарым-қатынасқа түсуге, оқу әрекетінде белсенділік танытуға т.б.) жасауына кедергі жасайды. Негізгі әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмаған жеткіншектер біртіндеп әлеумет ортасынан қашықтай бастайды. Бұл бір жағынан оның әлеуметтік-психологиялық дамуының кешеуілдеуіне әкелсе, екінші жағынан психикалық денсаулықтарының бұзылуына әкеледі деп есептейді В.Ф.Пирожков, В.Д.Менделеевич, В.Л.Васильев. Осы ғалымдардың ойынша, ата-ана тарапынан, мектеп қабырғасынан жылылық сезінбеген жас жеткіншектер өмірде өзін ешкімге қажетсізбін деп есептеп, уайымға салынады. Ұзаққа созылған қайғыру, ренжу, жүйке жүйесінің бұзылып, оларды психикалық жарақатқа әкеледі, соңынан бірте-бірте психикалық ауытқуларға негіз болады [4].

Осы мәселелерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының “Білім туралы заңында”, “Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыру”, “Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық білім беру”, “Білім мазмұнын гуманитарландыру” тұжырымдамаларында білім беру ісінде мектеп оқушыларына жаңа рухани-мәдени құндылықтарды игеруге, ұлттық сананы қалыптастырып тұлғаның үйлесімді өсуіне жағдай жасау, білім беру мен тәрбие жұмыстарының сапасын көтеру міндеттері кеңінен қойылып отыр [5].


Осы бағдарламалар негізінде Қостанай қаласындағы девиантты жеткіншектерді бейімдеу орталығында зерттеу-түзету жұмыстары ұйымдастырылды. Зерттеу жұмысымыздың мақсаты: девиантты жеткіншектердің өзін-өзі бағалауы мен қарым-қатынасына әлеуметтік-психологиялық ықпал ету арқылы олардың өзі-өзімен және айналасындағы адамдармен үйлесімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік жасау. Зерттеу жұмыстары кезінде екі айға созылған түзету бағдарламасы құрылып жүргізілді және В.Ф.Ряховскийдің «Қарым-қатынас деңгейін бағалау», «Мен қандаймын» тұлғаның өзіндік бағалау және Б.Будасидің «Өзін-өзі бағалау» әдістемелері арқылы бағдарламаның алдында және соңынан диагностика жасалынды.

Диагностика жұмыстары кезінде ағарту орталығындағы жеткіншектердің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерінің әр түрлі деңгейде екенін, қарым-қатынас жасауда өзге адамдарға сенбеушілік, жабыңқылық, жасықтық, қобалжушылық сияқты психологиялық ерекшеліктері анықталды. Түзету бағдарламасын өткізу барысында байқағанымыз зерттелуші жеткіншектер алғашында өздерін сақтықта ұстап, бейтаныс адамдар болғандықтан бізге көп ештеңе айта қоймаған, бірақ біршама уақыт өткеннен кейін олардың ашылып сөйлесуге, өз ой-пікірлерін атуға, берілген ақыл-кеңестерге деген жақсы қатынасы байқала бастады. Әңгімелесу кезінде бәрінің ата-аналары бар екенін білдік, бірақ қайтып отбасына көбінің оралғылары келмейді. Оларға осы жердегі мұғалімдер, келіп көмек көрсететін адамдар ұнайды, өйткені олар қайырымды адамдар деп есептейді. Оны мына суреттегі В.Ф.Ряховскийдің «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» әдістемесінің нәтижелері бойынша алынған деректерден көруге болады.



Сурет 1. В.Ф.Ряховскийдің «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» әдістемесінің нәтижелері.

Келесі қолданылған «Мен қандаймын» психодиагностикалық әдістемесі. Бұл әдістеме тұлғаның бойындағы адамгершілік, қайырымдылық, достық, жауапкершілік, ұқыптылық сияқты қасиеттері бойынша өзін-өзін бағалау деңгейін анықтайды. Зерттеудің нәтижелері төмендегі суретте келтірілген.




Сурет 2. «Мен қандаймын» тұлғаның өзіндік бағалау әдістемесінің нәтижелері.

Суреттегі нәтижелер қандай қиындықтардан өтсе де жеткіншектердің бойындағы жақсы қасиеттердің, рухани құндылықтардың жоғалмағанын, өздерін осындай адами қасиеттер бойынша бағалайтынын және мүмкіндік туған жағдайда осы қасиеттерінің жоғары дамытуға болатынын байқатады.

Зерттеу жұмыстары кезінде жеткіншектердің сабақ үлгерімі мен тәртіптерінде де динамикалы өзгерістердің барын анықтадық.

Үшінші қолданылған әдістеме С.А. Будассидің «Өзіндік бағалау» шкаласы жеткіншектердің өзіндік бағалауының жоғарғы, орташа және төменгі деңгейлерін анықтайды.

Түзету жұмысына дейінгі көрсеткіштер зерттелуші жеткіншектердің әр түрлі әлеумет ортасында өздерін әр түрлі белсенділікте ұстайтынын байқатты. Тәжірибеден кейін жеткіншектердің бағалау деңгейі мен әлеуметтік белсенділіктерінің біршама көтерілгенін анықтадық. Олардың мұғалімдермен, басқа оқушылармен қарым-қатынасының жақсарғаны, қоғамдық жұмыстарға араласа бастағаны және жалпы тәртібінде жақсы өзгерістердің бары ағарту орталығындағы тәрбиешілердің сөзінен анықталды. Осы нәтижелер төмендегі 3 суретте келтірілген.



Сурет 3. С.А. Будассидің «Өзіндік бағалау» әдістемесінің нәтижелері.

Олай болса, түзету бағдарламасы девиантты жеткіншектердің өзіндік бағалау деңгейіне тиімді ықпал етіп, мұғалімдермен, достарымен үйлесімді қарым-қатынас құруға, мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарына деген қызығушылықтарын жоғарылатуға ықпалын тигізді.

Сонымен, девиантты жеткіншектермен жүргізілген түзету бағдарламасы өздерінің тұлғалық қасиеттерін адекватты бағалауына, өзгелермен жақсы қарым-қатынас жасауына, өз мүмкіндіктеріне, өз күш-қуаттарына сенетін, қиындықтарға төзіп, сабырлық көрсетуге, өмірде көптеген жетістіктерге жетуге мол мүмкіндік береді.

Девиантты жеткіншектердің өзін-өзі бағалауы мен қарым-қатынасының арасындағы байланыс Пирсонның корреляциялық коэффициентін анықтайтын формуланы қолдана отырып, әдістеме нәтижелерінің арасындағы өзара байланыстары анықталды.

$$r = \frac{N \sum XY - \sum X \sum Y}{\sqrt{[N \sum X^2 - (\sum X)^2][N \sum Y^2 - (\sum Y)^2]}}$$

Пирсонның корреляциялық коэффициенті девиантты жеткіншектердің өзін-өзі бағалауы мен қарым-қатынасы арасындағы тікелей байланысты анықтады ($r = 0,73$ ($p < 0,05$)).

Қорыта айтқанда, жүргізілген зерттеу жұмыстары, девиантты жеткіншектерге арнайы әлеуметтік-психологиялық түзету жұмыстары ұйымдастырылып отырса, олардың өзін-өзі бағалауы жоғарылап, үйлесімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді деген болжамымызды дәлелдеді.

Әрбір бала өзімен адамгершілік тұрғыда оның бойындағы дара қасиеттерін ескере отырып қарым-қатынас жасағанын қалайды. Зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сәйкес осы жеткіншектерге сабақ беретін мұғалімдермен, ағарту орталығындағы тәрбиешілермен, сынып жетекшісімен әңгіме кезінде зерттеу жұмысына енген жеткіншектердің өзіндік ерекшеліктері мен жас ерекшеліктері туралы мағлұматтар берілді.

Девианттық мінез-құлықтың алдын алу және түзетуде әрбір педагог, психолог, әлеуметтік педагог баланың кейбір мінез кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің нормалары мен құндылықтарын сыйлауға, айналасындағы адамдармен жайлы қарым-қатынас орнатуға, әлеуметтік белсенділігін көтеруге көмектесуі қажет. Бұл қасиеттері ең алдымен баланың өзіне, оның өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, мағыналы өмір сүруіне қажет екендігін ұғындырып, соның нәтижесін сезінуге, жақсы мен жаманның ара жігін ашып, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, айналасындағылармен сыйластық, достық, әріптестік, туыстық, сүйіспеншілік т.б. нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына мүмкіндік жасалады.

Әдебиет тізімі

Блонский П.П. Трудные школьники. М., Высшая школа. 1980. – 431 с.

Выготский С.Л. Собр. Сочинений – М.: Педагогика, 1983 – 45 с.

Кожаметов Д.С. Девиантты жеткіншектердің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері. //Ұлағат. № 4. 2012. С. 21-29с.

Клейберг Ю.А. Психология девиантного поведения. М., 2011. – 394 с.

Өмірбекова С.Ж Девиантты жеткіншектердің өзіндік дамуының динамикасы. Алматы.; 2012. 220 с.